

1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 105-ө өкімі

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындықты және оны өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі өңірлік ұйымдастыру комитеттерін құрсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын (бұдан әрі – Жоспардың жобасы) Ұйымдастыру комитетінің отырысында алдын ала қарап, 2013 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

4. Мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері он күн мерзімде Жоспардың жобасына тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне е н г і з с і н .

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

9

ш і л д е д е г і

№

1 0 5 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары -Қазақстан

Республикасының Қарулы Күштері Бас штабының бастығы, төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі, төрағаның
о р ы н б а с а р ы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының орынбасары -
Бас штабы Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы, хатшы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Астана қаласы әкімінің орынбасары

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Ақмола облысы әкімінің орынбасары

Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары

Алматы облысы әкімінің орынбасары

Атырау облысы әкімінің орынбасары

Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары

Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Қостанай облысы әкімінің орынбасары

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Павлодар облысы әкімінің орынбасары

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі директорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)

«Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының персоналды басқару және

әлеуметтік мәселелер бойынша вице-министрі (келісім бойынша)
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының атқарушы
директоры (келісім бойынша)
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының аппарат басшысы
(келісім бойынша)
«Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық
бірлестігі орталық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК